

bulhistphaa.enu.kz

ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online)2663-2489

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
# ХАБАРШЫСЫ

# BULLETIN
of L.N.Gumilyov Eurasian National University

№4 (125)/2018

# ВЕСТНИК
Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы

HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series

Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ

ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online)2663-2489

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
**ХАБАРШЫСЫ**

| **ВЕСТНИК**<br>Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева | **BULLETIN**<br>of the L.N. Gumilyov Eurasian National University |
|---|---|

**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**

**HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series**

**Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ**

**4 (125)/2018**

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018
Astana, 2018

***Бас редакторы***
тар.ғ.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті
**Сыдықов Е.Б**. (Қазақстан)

| | |
|---|---|
| Бас редактордың орынбасары (философия) | **Есім Ғ.,** философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Мусабалина Г.Т**., тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Сарсембина К.К.,** тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (дінтану) | **Тышхан К**., философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |

*Редакция алқасы*

| | |
|---|---|
| **Әбділдин Ж.М.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Алпысбес М.А.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Артықбаев Ж.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Әбділәшімұлы Д.** | PhD, проф. (Қытай Халық Республикасы) |
| **Әбдуақап Қара** | тар.ғ.д., проф. (Түркия) |
| **Бозжигитова М.М.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | тар.ғ.д., проф.(Ресей) |
| **Бурбаев Т.К.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Васильев Д.В.** | тар.ғ.д., доцент (Ресей) |
| **Джампеисова Ж.М.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Дүкенбаева З.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | с.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Ибадуллаева З.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Иманжүсіп Р.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Каженова Г.Т.** | тар.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Камарова Р.И.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Ковальская С.И.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Құрманалиева А.Д.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Любичанковский С.В.** | тар.ғ.д., проф. (Ресей) |
| **Медеуова К.А.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Муминов А.К.** | тар.ғ.д., проф.(Түркия) |
| **Мусагалиева А.С.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Мустафина Р.М.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Нұрышева Г.Ж.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Педрацки М.** | PhD д-ры, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD д-ры (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Рысқалиев Т.Х.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Садықов Т.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Самашев З.С.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Сапарғалиева С.Ж.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Саркулова М.С.** | философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Сейтказина К.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Таиров А.Д.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Таймағамбетов Ж.Қ.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Ташағыл А.** | проф. (Түркия) |
| **Умиткалиев У.У.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Хабдулина М.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Чарлз Уиллер** | философ.ғ.д., проф. (АҚШ) |
| **Шаповал Ю.В.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Шаяхметов Н.У.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Шемшек Ахмед** | философ.ғ.д., проф. (Түркия) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-432)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Жауапты хатшы, компьютерде беттеген*:* Д.С. Байтлесова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**
Меншіктенуші: **ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК**
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 25 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

***Editor-in-Chief***
Doctor of Historical Sc., Professor, Academician, Vice-President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
**Sydykov Ye.B.** (Kazakhstan)

| | |
|---|---|
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Yessim G.,** Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Mussabalina G.T.**, Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Sarsembina K.K.**, Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Tyshkhan K.,** Can. of Philosophy (Kazakhstan) |

*Editorial board*

| | |
|---|---|
| **Abdildin Zh.M.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Alpysbes M.A.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Artykbayev Zh.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Abdilashimuly D.** | PhD, Prof. (China) |
| **Abduakap Kara** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Bozzhigitova M.M.** | Doctor of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Boroffka Nikolaus** | PhD (Germany) |
| **Bukanova R.G.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Russia) |
| **Burbayev T.K.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Charles Wheeler** | Doctor of Philosophy, Prof. (USA) |
| **Dzhampeisova Zh.M.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Dukenbayeva Z.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Ermenbayeva G.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ibadullayeva Z.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Imanzhusip R.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Ismagambetova Z.N.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Kazhenova G.T.** | Can. of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kamarova R.I.** | Can. of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Khabdulina M.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Kovalskaya S.I.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kumekov B.E.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Kurmanaliyeva A.D.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Lyubichankovskiy S.V.** | Doctor of Historical Sc., Prof.(Russia) |
| **Medeuov K.A.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Muminov A.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Musagaliyeva A.S.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Mustafina R.M.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Nurysheva G.Zh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Pedracka M.** | PhD, Assoc.Prof.(Poland) |
| **Piancolla Nicolo** | PhD (Hong Kong) |
| **Rakhimbekova A.Zh.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ryskaliyev T.Kh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Sadykov T.** | Doctor of Historical Sc. , Prof. (Kazakhstan) |
| **Samashev Z.S.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Sapargaliyeva S.Zh.** | Can. of Philosophy, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| **Sarkulova M.S.** | Can. of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Seytkazina K.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shapoval Yu.V.** | Doctor of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shayakhmetov N.U.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Shemshek Akhmed** | Doctor of Philosophy, Prof. (Turkey) |
| **Taitrov A.D.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |
| **Taymagambetov Zh.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Tashagyl A.** | Prof. (Turkey) |
| **Umitkaliyev U.U.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Vasilyev D.V.** | Doctor of Historical Sc., Assoc.Prof. (Russia) |
| **Zhakiyanov T.Zh.** | Can. of Sociological Sc. (Kazakhstan) |
| **Zherebtsov I.L.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |

*Editorial address:*2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_hist@enu.kz

*Responsible secretary, computer layout:*
*D.S. Baytlessova*

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series**
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 16994-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 25 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

***Главный редактор***
д.и.н., проф., академик, вице-президент Национальной академии наук Республики Казахстан
**Сыдыков Е.Б.** (Казахстан)

| | |
|---|---|
| Зам. главного редактора (философия) | Есім Ғарифолла, д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Мусабалина Г.Т., д.и.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Сарсембина К.К., к.и.н., доцент (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (религиоведение) | Тышхан К., к.философ.н., доцент (Казахстан) |

*Редакционная коллегия*

| | |
|---|---|
| **Абдильдин Ж.М.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Абдилашимулы Д.** | PhD, проф. (Китайская Народная Республика) |
| **Абдуакап Кара** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Алпысбес М.А.** | д.и.н., проф.(Казахстан) |
| **Артыкбаев Ж.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Бозжигитова М.М** | д.философ.н. (Казахстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Бурбаев Т.К.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Васильев Д.В.** | д.и.н., доцент (Россия) |
| **Джампеисова Ж.М.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Дукенбаева З.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | к.и.н.., доцент (Казахстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | к.с.н. (Казахстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | д.и.н. (Россия) |
| **Ибадуллаева З.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Иманжусип Р.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Каженова Г.Т.** | к.и.н. (Казахстан) |
| **Камарова Р.И.** | к.философ.н. (Казахстан) |
| **Ковальская С.И.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Курманалиева А.Д.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Любичанковский С.В.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Медеуова К.А.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Муминов А.К.** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Мусагалиева А.С.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Мустафина Р.М.** | д.и.н, проф. (Казахстан) |
| **Нурышева Г.Ж.** | д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| **Педрацки М.** | PhD, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | к.и.н, доцент (Казахстан) |
| **Рыскалиев Т.Х.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Садыков Т.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Самашев З.С.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Сапаргалиева С.Ж.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Саркулова М.С.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Сейтказина К.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Таиров А.Д.** | д.и.н. (Россия) |
| **Таймагамбетов Ж.К.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ташагыл А.** | проф. (Турция) |
| **Умиткалиев У.У.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Хабдулина М.К.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Чарлз Уиллер** | д.философ.н., проф. (США) |
| **Шаповал Ю.В.** | д.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Шаяхметов Н.У.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Шемшек Ахмед** | д.философ.н., проф. (Турция) |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-432)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Ответственный секретарь, компьютерная верстка
Д.С. Байтлесова
Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. ***Серия:*** **Исторические науки. Философия. Религиоведение**
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 16994-Ж от 27.03.18.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 25 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

©Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## МАЗМҰНЫ
## ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР

### Ежелгі және ортағасырлық тарих


***Ковальская С. И., Галиев А. А., Галиева С.Б.*** Батыс Қытайдың әртүрлі ұлттық нұсқаларындағы көне тарихы ........ 8


### Қазақстанның жаңа тарихы


***Бимолданова А. А.*** Империялық басқару жүйесіндегі қазақтардың болыс басқарушыларының мәртебесі туралы (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы) ........ 16

***Цыремпилов Н. В.*** «Аблай-кит» иесі. Ертіс бойында бекініс-монастырді кім және неліктен тұрғызды? 28


### Қазіргі Қазақстан тарихы


***Башмаков А. А.*** Қазақстандық бірегейлік әлеуеті және қоғамдық сананы жаңғырту: ымыра әсері ..... 54


### Этнология


***Ғалиев А.А., Ақсаналиева Ж.Н.*** Коре Сарамының дәстүрлі мәдениеті: этносемиотикалық аспекті .... 61

***Раздықов С.З., Әбдрахманов Б.Н., Әйткенов З.Ш.*** Шығыс Қазақстандық ескі сенімдегілердің отбасылық өмір салты ........ 71


## ФИЛОСОФИЯ


***Есім Ғ.*** Pálsapa – таза ойлау жүйесі ........ 80


## ДІНТАНУ


***Қалыбекова Л. Ғ.*** Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясында дінтану сараптамасын жүргізу ерекшеліктері (салыстырмалы талдау) ........ 86

***Пархоц Д.Г.*** Ф. Скоринаның Батыс Еуропалық діни дәстүрлер мен дүниетанымы («Апостолдың» материалы бойынша) ........ 95

## CONTENTS

### HISTORICAL SCIENCES

#### Ancient and medieval history

***Kovalskaya S.I., Galiev A.A., Galiyeva S.B.*** Ancient history of the Western China in various national versions ........................................ 8

#### New history of Kazakhstan

***Bimoldanova A.A.*** On the issue of the status of Kazakh volost rulers in the system of imperial administration (second half of the XIX century - early XX century) ........................................ 16

***Tsyrempilov N.V.*** The master of Ablai kit. Who and why built a fortress monastery on the Irtysh? ............. 28

#### Modern history of Kazakhstan

***Bashmakov A.A.*** Potential of Kazakhstan identity and modernization of public consciousness: the effect of synergy ........................................ 54

#### Ethnology

***Galiev A.A. , Aksanalieva Zh.N.*** Traditional Culture of Kore Saram: Ethnosemiotical Aspect ....................... 61

***Razdykov S.Z., Abdrakhmanov B.N, Aytkenov Z.S.*** Family Way of Life of Old Believers of Eastern Kazakhstan ........................................ 71

### PHILOSOPHY

***Esim G.*** Pálsapa a sphere of pure mind ........................................ 80

### RELIGION

***Kalybekova L.G.*** Particular features of conducting religious expertise in the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation (comparative analysis) ........................................ 86

***Parhots D.G.*** Western European religious tradition and F. Skorina worldview (on the material of «Apostol») 95

## СОДЕРЖАНИЕ

## ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

### Древняя и средневековая история

***Ковальская С. И., Галиев А. А., Галиева С. Б.*** Древняя история Западного Китая в различных национальных версиях ........................................................................................................................ 8

### Новая история Казахстана

***Бимолданова А. А.*** К вопросу о статусе казахских волостных управителей в системе имперского управления (втор. пол. XIX века - нач. XX века)……………................................................................... ........... 16

***Цыремпилов Н. В.*** Хозяин Аблай-кита. Кто и зачем построил крепость-монастырь на Иртыше? ....... 28

### Современная история Казахстана

***Башмаков А. А.*** Потенциал Казахстанской идентичности и модернизация общественного сознания: эффект синергии ........................................................................................................................ 54

### Этнология

***Галиев А.А., Аксаналиева Ж.Н.*** Традиционная культура Коре: этносемиотический аспект .................. 61

***Раздыков С.З., Абдрахманов Б.Н., Айткенов З.Ш.*** Семейный уклад староверов Восточного Казахстана ........................................................................................................................ 71

## ФИЛОСОФИЯ

***Есим Г.*** Pálsapa – сфера чистого мышления ............................................................................................ 80

## РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ

***Калыбекова Л. Г.*** Особенности проведения религиоведческой экспертизы в Республике Казахстан и Российской Федерации (сравнительный анализ) ..................................................................................... 86

***Пархоц Д.Г.*** Западноевропейская религиозная традиция и мировоззрение Ф. Скорины (на материале «Апостола») ........................................................................................................................ 95

**Дінтану**
**Религиоведение**
**Religion**



ХҒТАР 21.21.01

**Л.Ғ. Қалыбекова**
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
*(E-mail: lyaza88@mail.ru )*

## Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясында дінтану сараптамасын жүргізу ерекшеліктері (салыстырмалы талдау)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында дінтану сараптамасын жүргізу тәжірибесіне шолу жасалған. Дінтану сараптамасының бастау алған мерзімінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жағдайы сипатталады. Дінтану сараптамасын жүргізудің заңнамалық негіздері, оның ішінде бүгінгі уақытқа дейінгі қабылданған заңнамалар мен құқықтық-нормативтік актілер мен бұйрықтар, сараптаманы ұйымдастыру механизмдерінің тетіктері, дінтану сараптамасын жүргізудің теориялық әдістері және олардың қолданылу шеңберлері қарастырылды. Сонымен қатар, дінтану сараптамасын жүргізудің халықаралық тәжірибесін зерттеу мақсатында Ресей Федерациясында мемлекеттік тұрғыда дінтану сараптамасын жүргізу ерекшеліктері зерделенеді. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында дінтану сараптамасын жүргізу ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізіледі. Сондай-ақ, екі ел мысалында дінтану сараптамасын жүргізу барысында орын алатын мәселелер айқындалып, оларды оңтайландыру мақсатында мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан шаралар қарастырылады. Жүргізілген талдау негізінде, Қазақстан Республикасында дінтану сараптамасын жүргізу механизмін жетілдіру, дамыту бағытында бірқатар ұсыныстар беріледі.
**Түйін сөздер:** дінтану сараптамасы, дінтану сараптамасының қорытындысы, діни мазмұндағы материалдар, діни мақсаттағы заттар, сарапшы/лар, сараптама нысандары.

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2018-125-4-86-94**

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда, жаһандану заманында ғылымның, техниканың қарқынды дамуына байланысты кез келген құбылысты, кез келген жобаны сараптамалық талдаусыз, сараптамалық бағалаусыз елестету қиын. Әуел баста, тек қылмыстық әрекеттерге қатысты сот сараптамасы немесе медицина сараптамасы болса, қазіргі уақытта сараптама түрлерінің және сараптама жүргізудің ауқымы кең әрі әр алуан.

«Сараптама» сөзі латын тілінде «expertus» яғни «тәжірибелі, хабардар» деген мағынаны білдіреді. Ал, түсіндірме сөздіктерде: «сараптама-қорытынды шығару үшін сарапшылардың қандай да бір мәселені қарастыруы» деп берілген [1].

Сараптаманың жалпыға белгілі лингвистикалық, психологиялық тәрізді түрлерінің қатарында дінтану сараптамасы ерекше орын алады. Дінтану пән ретінде академиялық ғылым қатарына жатады, сондықтан, ғылыми дінтану сараптамасының маңызды қағидасы ретінде бейтараптылық принципін атауға болады. Дінді батыстық зерттеуші М.Томпсон айтқандай: «ғылым мен діннің арасында едәуір айырмашылық бар, егер ғылым зерттелуші нысанға зерттеушінің жеке қатынасын ескермеуге тырысса, керісінше дінді зерттеуде зерттеушінің жеке пікірі мен қабылдауы маңызды орын алады» [2].

**Мақсаты мен міндеті.** Қазіргі уақытта «Дінтану сараптамасы» деген сөз тіркесі де заңдық, ғылыми айналымға еніп, өзіндік жеке салаға айналып келеді. XX ғасырдың соңы мен

XXI ғасырдың басында ТМД аумағындағы бірқатар елдердің дүниетанымдық жүйесін, оның ішінде діни саланы күрт өзгеруімен сипаттауға болады. Қазақстан мемлекетінде де көптеген жаңа діни ұйымдар пайда болып тарала бастады, діни білімі жоқ азаматтар жаңа таралып жатқан діни ілімдерге аса қызығушылықпен қарап, оларды қолдай бастады, сонымен қатар, ең маңызды атап өтетін мәселе, пайда болған жаңа діни ағымдар өз қызметін заңды тіркеуге ынталы болды. Мемлекеттің алдында тіркелуге өтініш білдірген діни бірлестіктермен қатар, олардың діни қызметінде пайдаланатын діни мазмұндағы материалдар мен әдебиеттерді тексеру, олардың мазмұнында экстремистік белгілердің бар не жоқтығын айқындау міндеті тұрды. Бұл өз кезегінде, дінтану сараптамасын жүргізу қажеттілігіне алғышарт болды.

Жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстандағы дінтану сараптамасын жүргізуді жетілдіру бойынша мүмкіндіктерді қарастыру, Ресей Федерациясының дінтану сараптамасын жүргізу тәжірибесіне сүйене отырып, жалпы дінтану сараптамасын жүргізу барысында орын алатын мәселелерді айқындау және талдау.

**Тарихы.** Қазақстанда дінтану сараптамасын жүргізу тәжірибесі ең алғаш рет 2007 жылы басталған. Дінтану сараптамасын жүргізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дінтану сараптамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 қаңтардағы № 70 қаулысына сәйкес жүзеге асырылды. Аталған қаулыға сәйкес бұрын Әділет министрлігінің, кейін Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағында қызмет атқарған Дін істері комитеті дінтану сараптамасын жүргізіп келді. Қазіргі уақытта, «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 162 бұйрығына сәйкес дінтану сараптамасы жүргізіледі.

**Негізгі бөлім.** Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданып, онда «Дінтану сараптамасы» арнайы жеке баппен енгізіліп, қағидалары мен тәртіптері белгіленген.

Аталған Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес Уәкілетті орган келесі негіздер бойынша дінтану сараптамасын жүргізуді қамтамасыз етеді:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың уәкілетті органға өтініштері;

2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының кітапхана қорларына, сондай-ақ уәкілетті органға діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;

3) жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу және діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші;

4) жеке өзі пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың әкелінуі;

5) уәкілетті орган басшысының бұйрығы.

Дінтану сараптамасының объектілері діни бірлестіктердің құрылтай құжаттары, діни мазмұндағы құжаттар (діни бірлестіктердің құрылымын, діни ілімінің негіздерін, діни тәжірибесін айқындайтын құжаттар, сондай-ақ діни қызметтің нысандары мен әдістерін сипаттайтын құжаттар), діни білім беру бағдарламалары мен діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен әдебиет және діни мақсаттағы заттар болып табылады. Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес дінтану сараптамасын жүргізетін тұлғалар дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге мамандарды тарту арқылы жүргізіледі [3].

Дінтану сараптамасын жүргізу тәртібіне сәйкес сараптама Уәкілетті органға материалдардың келіп түскен уақытынан бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Сараптама объектілері бойынша Уәкілетті орган сарапшыны (сарапшыларды), мемлекеттік органдардың өкілдері және басқа мамандарды тарту арқылы тағайындайды. Уәкілетті орган сарапшыға (сарапшыларға) объект бойынша сараптама жүргізу үшін сұрақтар тізбесін ұсынады.

Жүргізілген дінтану сараптамасының қорытындысы негізінде Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы тиісті шешім қабылдайды. Жүргізілген дінтану сараптамасының қорытындысы негізінде Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызмет атқарушы Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды миссионер ретінде тіркеу (қайта тіркеу) туралы тиісті шешім қабылдайды [4].

Жоғарыда келтірілген заңнамалық, құқықтық нормалар Қазақстан Республикасында дінтану сараптамасын жүргізудің негізгі заңнамалық іргетасы болып табылады. Сонымен қатар, дінтану сараптамасы халыққа қызмет көрсету тізбесіне енгендіктен тиісінше «дінтану сараптамасын жүргізудің» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты, регламенті әзірленіп, қолданысқа енгізілген. Мемлекеттік деңгейде қызметті жүзеге асыру барысында Уәкілетті орган тарапынан тиісті «Бұйрықтар мен ережелер» де бекітіліп отырады.

**Зерттеу әдісі.** ТМД елдерінің арасында дінтану сараптамасын жүргізуді мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып отырған Ресей Федерациясы. Сондықтан, Қазақстанда дінтану сараптамасын жүргізудің негізгі ерекшеліктерін, мәселелері мен механизмдерін айқындау мақсатында, салыстыру әдісі арқылы Ресей Федерациядағы дінтану сараптамасын жүзеге асыру тәжірибесі де қарастырылды. Бұл ретте, салыстыра отырып зерделеу арқылы орын алған мәселелер мен дінтану сараптамасын жүзеге асыру артықшылықтары, жетілдіру тетіктері анықталып, тұжырымдалды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Халықаралық тәжірибе тұрғысынан қарастыратын болсақ, ТМД мемлекеттерінің ішінде Ресей Федерациясында дінтану сараптамасы біздің елден он жыл бұрын басталған, яғни 1997 жылдан бастап жүргізіледі. Ресейде мемлекеттік дінтану сараптамасы деген түсінікке ең алғашқы болып анықтама берген А.В. Пчелинцев. Оның ойынша, мемлекеттік дінтану сараптамасы дегеніміз – діни бірлестіктерді тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган шешімімен сарапшылар мен мамандардың тіркелуші ұйымдардың құрылтай және басқа да құжаттарына, тәжірибесіне дәйекті әрі ғылыми негізделген әдістерге сүйене отырып тәуелсіз және бейтарап зерттеу жүргізуі [5]. Бұл мемлекеттік деңгей тұрғысынан және заңнамалық негізде берілген анықтама деп түсінуге болады.

Құжаттамалық тұрғыда қарастырар болсақ, Ресейде 1997 жылғы 26 қыркүйектегі № 125-ФЗ «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Федералдық Заңымен бекітілген жаңа құқықтық институт – мемлекеттік дінтану сараптамасын жүргізу басталады [6].

Ресейлік зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттік дінтану сараптамасы елге, не болмаса биліктің талаптарына сәйкес келмейтін діни ұйымдарды жою құралы ретінде қарастырылмауы керек, керісінше, кәсіби мамандардың білімін пайдалана отырып діни саланы бейтараптық тұрғыда зерттеудің арнайы әдісі ретінде, сонымен қатар діни сенім бостандығын қамтамасыз етудің кепілі іспеттес болуы тиіс. Яғни, мемлекеттік дінтану сараптамасы институты ретінде уәкілетті орган мен мүдделі тұлғалардың арасындағы құқықтық қатынасты реттейтін нормативтік құқықтық актілер қарастырылады [6, 1 б.].

Ресей Федерациясында мемлекеттік дінтану сараптамасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы РФ Заңының 11 бабы, 8 тармағына және РФ Әділет министрлігінің «Мемлекеттік дінтану сараптамасы туралы» Бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, сараптама жүргізудің бұл түрі діни негіздегі жүргізілетін қылмыстың алдын алуға және тосқауыл қоюға өз септігін тигізеді, себебі, ол ұйымдардың белгілеп көрсеткен мақсаттарын шынайы тәжірибесіне сәйкестігін тексерумен жүзеге асырылады [6, 2 б.]. Ашып айтар болсақ, діни негіздегі жүргізілетін қылмыс ретінде дәстүрлі емес және радикалды діни топтардың кейбір заңға қайшы әрекеттерін жатқызуға болады. Бұл жерде, «Құдай атынан әлемде әділеттілік орнату» мен «игі дінді тарату мақсатымен адамдарға зорлап дінді қабылдатуды» жатқызуға болады.

Зерттеуші И.В. Загребина бұл құқықтық актілердің аталған институттың құқықтық реттелуін қамтамасыз ететін мақсаттарға жетуге кедергі келтіретінін, оның нәтижелігінің төмендігін тәжірибеден көруге болатындығын атап өтеді. Дінтану сараптамасын жүргізудің негіздемесін кеңейткен бұл бұйрықтың күшіне енуі және мемлекеттік дінтану сараптамасын жүргізу бойынша Кеңестің жаңа құрамы ғылыми қауымдастықпен қатар, діни бірлестіктердің де наразылығын тудырған. Дін және құқық институты ғаламтор желісі арқылы және «Дін және құқық» журналында Әділет министрінің атына ашық хат жарияланған . Кейін де бұл мәселеге қатысты елдің Президентіне және басқа да лауазымды тұлғаларға хат жолданып, Әділет министрлігі жанынан құрылған дінтану сараптамасы бойынша Сарапшылар Кеңесін таратып, дінтану сараптамасы институтының қызметін тоқтату талап етілген.

С.А. Бурьянованың пікірінше, мұндай наразылықтың себебіне тек бір мәселе ғана әсер етіп отыр, ол «дін» түсінігінің бірегей құқықтық, тіпті дінтанулық тұрғыдан нақты

белгіленген бір анықтамасының (200 ден астам анықтама кездеседі) жоқтығында [6, 5 б.].

Яғни, сарапшылар тіркеуге ұсынылатын ұйымдардың «дінилігін» өздерінің дін туралы қалыптасқан анықтамасына қарай айқындап, тек сыртқы көріністеріне ғана баға береді деп есептеген. Сондықтан, дінтану сараптамасын жүргізу бойынша сарапшылар кеңесінің қызмет нәтижесі сол Кеңеске мүше болып алынған мамандар мен ғалымдардың жеке ұстанымдарына тікелей байланысты болады деген пікірді алға тартқан [6, 3 б.]. Көріп отырғанымыздай, Ресейде мұндай мазмұндағы мәселелер осылайша басталып, қазіргі күнге дейін өзінің нақты құқықтық шешімін таппағандығын байқауға болады. Себебі, Ресей Федерациясында діни ұйымдардың қызметіне тыйым салу дінтану сараптамасының қорытындысы негізінде сот шешімі арқылы жүзеге асырылады.

Мәселен, Ресейдің кейбір аймақтарындағы «Еһоба куәгерлері», «Саентология» шіркеуі діни бірлестіктеріне тыйым салуы жүргізілгенде діни бірлестік өкілдері, қарапайым халық та сарапшылардың жүргізген дінтану сараптамасының қорытындысына күмәнмен қарап, сарапшының жеке пікірі арқылы шешім шығарылған деп есептеп, өз наразылықтарын ғаламтор желілері арқылы, кей адамдардың ашық хат, не болмаса арнайы мақала жазып отырған [6, 6 б.].

Дінтану сараптамасын жүргізу барысында, сарапшы сараптама объектісіне қатысты қойылған сұрақтарға жауап береді. Дегенмен, кез келген ғылым саласында зерттеу жүргізудің өзіндік әдіс-тәсілдері, арнайы құралдары болатыны тәрізді дінтану сараптамасын жүргізу барысында да сарапшы тек қойылған сұрақтармен шектелмей дінтану ғылымында қалыптасқан зерттеу әдістеріне де сүйенгені жөн. Бұл тұрғыда, Ресей ғалымдарының бекіткен дінтану сараптамасын жүргізу барысында қолдануға тиісті төмендегі зерттеу әдістерін қарастыруға болады:

1) ***Каузальді талдау*** – діннің пайда болу және даму эволюциясы кезеңінде әр түрлі құбылыстарының себеп-салдарының байланысын, қатынастарын айқындап зерттеу. Бұл талдаудың қағидаларына сәйкес «Не үшін? Неге?» деген сауалдар бойынша дін тек өздігінен танылa алмайды. Сондықтан, ең алдымен себептілік тұрғыдан қарастыру адам өмірінде орын алатын қатынастар арқылы түрлі діни және діни емес формаларды түсіндіруге мүмкіндік береді.

2) ***Нақты тарихылық талдау*** – тарихилық және логикалық жолды біріктіру арқылы таным құралы ретінде тарих логикасын қолданады. Себебі, ол объектінің қалыптасқан жағдайының қазіргі жағдайын түсінуге мүмкіндік беріп, өткен заманның құбылыстары мен жағдайларын дұрыс түсінуге бағдар береді. Тарихылық талдау бірнеше жолдар арқылы жүргізілуі мүмкін:

**Генетикалық тәсіл** – бастапқы кезеңнен бастау арқылы кейінгі даму ерекшеліктерін айқындау. Бұл талдауды жүргізу барысында даму кезеңін қарастыруда аралық жағдаяттарды айқындай алу маңызды болып табылады. Кез келген құбылыстың қазіргі жағдайы дамудың нәтижесі ретінде қарастырылатын болса, бұл жағдайды зерттеу өткен кезеңдердегі әрі бастапқы кезеңдердегі жағдайын сипаттауға мүмкіндік беретін теоретикалық үлгісін құруға мүмкіндік береді.

**Салыстырмалы-тарихи тәсіл** - бір діннің дамуының әртүрлі кезеңдерін және әртүрлі уақыттарын салыстырады, бір мезгілде болған, бірақ дамудың әр түрлі деңгейіндегі әр түрлі діндерді зерттеп, салыстырады. Әртүрлі діндердің бейнелерін (мысалы, Будда және Христос) салыстыру үлкен маңызға ие.

3) **Жіктеу әдісі (типологиялық)** – зерттелетін объектінің әртүрлі сипаттарына сәйкес топтау, іріктеу, жіктеуді жүзеге асырумен жүргізіледі. Жіктеу нәтижесінде сипаттамалардың статистикалық тұрғыда тұрақты топтары қалыптасады – белгілі бір объектілерге, құбылыстарға тән ортақ типологиялық үлгілер негізінде қалыптасатын түрлер. Белгілі бір объекті сипаттамасының әр түрлілігі оны сәйкес типке жатқызуға мүмкіндік береді. Типтің ішіндегі әртүрлі сипаттар кездесей соқ сипатта болады және олар ескерілмейді. Осындай жіктеу әдісі арқылы діндердің, еркін ойлаудың тарихи типтерінің сипаттамалары айқындалған.

**Феноменологиялық талдау** – адамдардың өзара рухани тұрғыда араласуының мән мағынасын айқындау тәсілдерінің жиынтығы. Тәжірибеде әрекет етуші индивидтердің мақсаттарын, түрткілерін, идеяларын салыстырып, қоғамдық қатынастардың субъективті факторларын, қарым-қатынас жасаудың ресми құрылымын айқындауға көмектеседі.

**Құрылымдық-функционалдық талдау** – жүйе деңгейінде қалыптасқан объектілермен жұмыс жасауға негізделген және олардың құрылымы мен қызмет ету тетігін айқындауға бағытталған. Бұл талдаудың нәтижесі ретінде жүйемен және басқа элементтермен ұштасатын элементтерді айқындау, бұл элементтердің әсерін анықтау. Мұндай талдау белгілі бір жүйені құрайтын әр элементтерге жүргізілуі мүмкін. Бұл тұрғыдан қарағанда, дін өзіне тиісті қызмет атқаратын белгілі бір жүйені құрайтын элемент болып табылады [7].

Дінтану сараптамасы нысанына қатысты сауалдарға жауап жазу барысында базалық біліммен қатар, жоғарыда келтірген зерттеу әдістерін қолдана отырып зерттеу дінтану сараптамасының толыққанды, дәйекті, негізделген сараптама қорытындысын дайындауға негіз болатыны сөзсіз. Қазақстанда жүзеге асырылатын дінтану сараптамасына қатысты заңнамалық және әдістемелік құжаттарда мұндай әдістер ұсынылмағанымен, Уәкілетті орган тарапынан әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулықтарда қосымша берілген.

Сонымен қатар, дінтану сараптамасын жүргізу барысында қолданылатын жоғарыда келтірілген дінтанулық ғылыми әдістермен қатар, сараптама жүргізуші сарапшы верификациялау, фальсификация, бейтараптылық, рационалдылық, әдістемелік, ақиқаттық, жүйелілік, бөлімдердің өзгермелілігі, аксиологиялық бейтараптылық тәрізді жалпы ғылыми әдістерге сүйенгені жөн болады. Сонда ғана, дінтану сараптамасының қорытындысын ғылыми негізделген және дәйектелген деп есептеуге болады деп санаймыз.

Қазақстанда он жылдан астам мерзімде жүзеге асырылып келе жатқан дінтану сараптамасының бүгінгі қоғамда алар орны ерекше. Дінтану сараптамасы ұйымдарды діни немесе діни емес деп тануда және олардың жүзеге асырып отырған діни тәжірибесіндегі діни сенім негіздерінің сәйкестігін тексеруде маңызды, кейде шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, еліміздің аумағында діни әдебиеттерге, материалдарға сұраныс күрт өсуде. Сұраныспен қатар, әртүрлі радикалды, теріс ағымдар да өз идеологияларын бірінші кезекте баспа материалдары мен ғаламтор арқылы кеңінен таратуы белең алған. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, діни сауаты жоқ адамдар, діни білім алғысы келген жастарымыздың осы тәрізді материалдарды оқу арқылы теріс жолға түсіп кету қауіпі өте үлкен. Осындай әдебиеттер арқылы діни білім алып, көзқарасын түбегейлі өзгертіп алған азаматтар бар. Бұған дәлел ретінде, соңғы жылдары Қазақстанда діни негізде бірнеше рет қылмыстық, террористік әрекеттердің орын алуын атап айтуға болады.

Дін саласындағы Уәкілетті орган ҚР Қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитетінің ресми мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылы 3419 нысанға, 2015 жылы 2867 нысанға, 2016 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша 449 нысанға, 2017 жылы 4332 нысанға дінтану сараптамасы жүргізілген [4]. Уәкілетті органның ресми сайтында 2018 жылдың 9 айында 3790 материал дінтану сараптамасынан өткендігі, оның 73 % дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғандығы жөнінде ақпарат берілген.

